



**№2 (43)
2016**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.С. Тукиев
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
А.С. Сақтағанов
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор қ., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Әділет министрі Б. Имашевтың Қоғамдық кеңес алдындағы есеп-баяндамасы.....	5
«Қазақстан Республикасының Заңнама институты жаршысының» 10 жылдығына орай	13
М.А. СӘРСЕМБАЕВ Заңнама институтының жаршысы журналының Қазақстан құқығының дамуына қосқан үлесі	13
Конституциялық және әкімшілік құқық	18
С.С. ШЕШЕНБАЕВА, М.А. БАЖБЕНОВА Қоғамдық кеңес мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы нысандарының бірі ретінде	18
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	24
В.Т. ҚОНЫС Жаңа Азаматтық процесілік кодекстің аясында азаматтық процестегі прокурордың рөлі және қатысу нысандары И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Қазақстан Республикасы халқын кредиттеудегі кредиттік серіктестіктердің рөлі	24 32
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Қолданыстағы заңнама кредит шартының (кредиттік шарттың) кейбір мәселелері туралы	38
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	43
Ш.Ж. КЕНЖЕТАЕВ Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде айғақтарды сақтауға қоюдың ерекшеліктері	43
М.Д. ҚАРАЖАНОВ, А.Қ. ҚАНАТОВ, А.Ж. АХМЕТОВА Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күресудің кейбір мәселелері	47
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Д.С. ҚАЖМҰРАТОВА Қылмыстық процеске қатысушы тұлғалардың құқықтық жағдайы туралы мәселеге	55
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	63
М.А. СӘРСЕМБАЕВ ЕАЭО елдерінде атомдық электр станцияла- рын салу және оны пайдалану кезінде экологияны нормативтік- құқықтық реттеу проблемаларын айқындау мен шешу	63
Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ Зияткерлік меншік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес жетілдірудің кейбір мәселелері	73

Құқықтық мониторинг	79
Т.С. САФАРОВА ҚР құқықтық мониторинг туралы жаңа заңнамасының кейбір аспектілері	79
Мемлекеттік тілдегі заң шығармашылығы тәжірибесінен	83
Б. ШОЛАН, Т.Е. МҰШАНОВ Заң терминдері мен тұрақты тіркестерінің теңтүпнұсқалығын қалыптастырудың кейбір мәселелері	83
Г.К. АҚЫЛБЕКОВА Лингвистикалық сараптама: қолданыстағы заңнама терминологиясы материалында	89
Шетелдік тәжірибе	93
В.Ф. ПОПОНДОПУЛО (Санкт-Петербург) Ресейдің корпоративтік құқығы: жалпы сипаттама	93
Э.Л. СИДОРЕНКО (Мәскеу) Ресейдегі халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды іске асыру аясындағы ұлтаралық параға сатып алу үшін қылмыстық жауаптылық	101
О.И. СЕМЫКИНА (г. Москва) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық шаралары: ЕАЭО елдерінің заңнамасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар	107
Жас ғалым мінбері	115
А.А. ЖАБАЕВА Қазақстан Республикасында халықаралық төреліктің қалыптасуы және дамуы	115
Е.О. МҰХАМЕДЖАНОВ Алдын ала тергеу мерзімінің үзілу кезеңіндегі қылмыскерлерді және хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздестірудің құқықтық негіздері	119
Ж.Т. ИСКАКОВА Интеграциялық құқықтың мәні мен құқықтық табиғатын анықтаудың теориялық мәселелері	123
Ақпараттық хабарламалар	130
2016 жылғы 21 сәуірде Астана қ. өткен «Әкімшілік заңнаманы жетілдіру туралы: жаңа Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін қолдану практикасын қорытындылау нәтижелері» тақырыбындағы дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама	130
2016 жылғы 12 мамырда Астана қ. өткен Н.А. Шәйкеновті еске алуға арналған «Қазіргі заман жағдайларында жеке адам құқықтарын қамтамасыз ету» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция («Шәйкенов оқулары») туралы ақпараттық хабарлама	137
2016 жылғы 26 мамырда Астана қ. өткен Мемлекеттік тілдегі заң жобалары мен халықаралық шарт жобаларының сапасы және ғылыми лингвистикалық сараптама мәселелері бойынша өткен практикалық семинар туралы ақпараттық хабарлама	140
Лейпциг қ. (Германия) өткен Әкімшілік құқық және процесс бойынша халықаралық форум туралы ақпараттық хабарлама, 2016 жылғы 20-23 маусым	144
Даналық ойлар: Н. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері	145



**№2 (43)
2016**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А. С. Тукиев
И.Ш. Борчасвили

Редакционная коллегия:
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.С. Сактаганов
М.А. Сарсембаев

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Доклад-отчет Министра юстиции Республики Казахстан Б. Имашева перед Общественным советом	5
<i>К 10-летию «Вестника Института законодательства Республики Казахстан»</i>	13
М.А. САРСЕМБАЕВ Вклад Вестника Института законо- дательства в развитие казахстанского права	13
<i>Конституционное и административное право</i>	18
С.С. ШИШИМБАЕВА, М.А. БАЖБЕНОВА Общественные советы как одна из форм взаимодействия государственных органов и гражданского общества	18
<i>Гражданское и гражданско-процессуальное право</i>	24
В.Т. КОНУСОВА Роль и формы участия прокурора в гражданском процессе в контексте нового гражданского процессуального кодекса	24
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ТУРЛЫБЕК Роль кредитных товариществ в кредитовании населения Республики Казахстан	32
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Действующее законодательство о некоторых вопросах договора кредита (кредитного договора)	38
<i>Уголовное право и уголовный процесс</i>	43
Ч.Д. КЕНЖЕТАЕВ Особенности депонирования показаний в уголовном процессе Республики Казахстан	43
М.Д. КАРАЖАНОВ, А.К. КАНАТОВ, А.Ж. АХМЕТОВА Некоторые проблемы борьбы с уголовными правонаруше- ниями, посягающими на экологическую безопасность	47
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Д.С. КАЖМУРАТОВА К вопросу о пра- вовом положении лиц, участвующих в уголовном процессе ..	55
<i>Международное право и сравнительное правоведение</i>	63
М.А. САРСЕМБАЕВ Выявление и решение проблем норма- тивно-правового регулирования экологии при строительстве и эксплуатации атомных электростанций в странах ЕАЭС ...	63
Е.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ Некоторые вопросы совершен- ствования национального законодательства Республики Казахстан в сфере интеллектуальной собственности в соответствии со стандартами ОЭСР	73

Правовой мониторинг	79
Т.С. САФАРОВА Некоторые аспекты нового законодательства РК о правовом мониторинге	79
Из практики законодательства на государственном языке	83
Б. ШОЛАН, Т.Е. МУШАНОВ Некоторые вопросы формирования аутентичности юридических терминов и устойчивых словосочетаний	83
Г.К. АҚЫЛБЕКОВА Лингвистическая экспертиза: на материале терминологии действующего законодательства	89
Зарубежный опыт	93
В.Ф. ПОПОНДОПУЛО (Санкт-Петербург) Корпоративное право России: общая характеристика	93
Э.Л. СИДОРЕНКО (Москва) Уголовная ответственность за транснациональный подкуп в свете реализации Россией международных антикоррупционных стандартов	101
О.И. СЕМЫКИНА (Москва) Уголовно-правовые меры противодействия коррупции: сходства и различия в законодательстве стран ЕАЭС	107
Трибуна молодого ученого	115
А.А. ЖАБАЕВА Формирование и развитие международного арбитража в Республике Казахстан	115
Е.О. МУХАМЕДЖАНОВ Правовые основы розыска уголовных преступников и без вести пропавших лиц в период прерывания сроков досудебного расследования	119
Ж.Т. ИСКАКОВА Теоретические проблемы определения сущности и правовой природы интеграционного права	123
Информационные сообщения	130
Информационное сообщение о круглом столе на тему «О совершенствовании административного законодательства: по итогам обобщения практики применения нового Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях», г. Астана, 21 апреля 2016 года	130
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции, посвященной памяти Н.А. Шайкенова, на тему: «Обеспечение прав личности в современных условиях» («Шайкеновские чтения»), г. Астана, 12 мая 2016 г.	137
Информационное сообщение о практическом семинаре по вопросам качества проектов законов и международных договоров на государственном языке и научной лингвистической экспертизы, г. Астана, 26 мая 2016 г.	140
Информационное сообщение о Международном Форуме по административному праву и процессу в г. Лейпциге (Германия), 20-23 июня 2016 г.	144
Мудрые мысли: максимы и афоризмы Н. Шайкенова	145



Жабаета Айдаана Айсұлтанқызы,

ҚР Заңнама институты халықаралық заңнама және салыстырмалы құқықтану бөлімінің кіші ғылыми қызметкері, «ҚазГЮУ Университеті» АҚ магистранты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӨРЕЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Қай елде болмасын құқықтық дауларды шешу мен бұзылған құқықты қалпына келтіру сот әділдігімен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының 13-бабы 2-тармағына сәйкес, әркім өз құқықтары мен мүдделерін сотпен қорғауға құқығы бар [1]. Алайда, әлеуметтік қарым-қатынастардың күрделенуі мен Қазақстан Республикасының әлемдегі жетекші және бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылуына байланысты қазіргі жағдайда, осы қарым-қатынастардағы қатысушылардың мүдделерінің бұзылуы және әділ сот шешіміне қол жеткізу мүмкін емес. Бұл мәселе өз шешімін сот жүйесін реформалау арқылы табуы мүмкін. Алайда алдыңғы қатардағы мемлекеттердің тиімді тәжірибелерін басшылыққа ала отырып, бұл мәселенің шешімін табуға мүмкіндік туды. Көптеген мемлекеттерде, сондай-ақ ТМД елдерінде дамып келе жатқан институттардың бірі төрелік сот болып табылады.

Қазақстан Республикасына халықаралық төрелік жүйесін енгізу мәселесі келесідей себептерді жоюға ықпалдасты: азаматтық істер бойынша соттардың қызметіне ауыртпалық салмау, бірінші сатыдағы сотта іс қарау кезінде белгілі бір уақыт пен күшті, оның ішінде қаржылай шығындарды талап етеді, және сот шешімі, әдетте, тек бір тараптың ғана мүддесін қанағаттандырады, ал екінші тарап сот шешіміне разы болмайды, нәтижесінде сот шешіміне шағым келтіру процесі (апелляциялық, кассациялық, қадағалау сатысы) басталады. Атап өткен барлық сатылардың өз алдына бекітілген арнайы уақытқа қатысты талаптары бар. Осыған орай, істер айларға, тіпті жылдарға жалғасып кететін жағдайлар орын алуда.

Қазақстанның заңнамалық жүйесіне төрелік соттарды енгізу тек дауды тиімді әрі тез шешуге жәрдемдесіп қана қоймай, сонымен қатар, сот қарауына берілетін істер санының азаюы, сот

талқылауының тәртібін оңайлату, тараптар үшін сот шығындарын азайту, сондай-ақ істі қарау мен шешу мерзімін қысқарту секілді көптеген сот өндірісінің проблемаларын реттеуге мүмкіндік туғызды.

Қазақстан Республикасында төрелік сотта іс қарау тәртібінің деңгейі әлі де болса кең етек алған жоқ. Сондықтан да, нарықтық экономика жағдайында оның әрі қарай дамуы қазақстандық қоғамның қажеттілігі болып табылады.

ҚР Судьяларының «Қазақстан - 2050» стратегиясы аясындағы ұлттық сот жүйесінің міндеті» (2013 ж. қараша айындағы) VI съезінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның құқықтық жүйесін дамытудың зор ықпалы дауды балама тәсілмен шешумен сайма сай келеді... Бұл Қазақстанның сот жүйесіне оң өзгерістер әкеледі, соттарға түсетін ауыртпалықтарды азайтады. Сонымен қатар, елде тиімді инвестициялық ахуалды қалыптастыруға, іскерлік белсенділікті жандандыруға ықпалдастық етеді», - деді [2].

Дауды балама тәсілмен шешуге аралық немесе төрелік сот талқылаулары, медиация және басқа да тәсілдер жатады. Аталған тәсілдер әлемдік тәжірибеде «тиімділігі» жағынан өз дәрежелерін иеленіп, кеңінен қолданылуда.

Қазақстан Республикасында төрелік сот жүйесін реттейтін заңнамалық базаның бар болуына қарамастан, осы рәсімдер толық әлеуетті пайдаланылмайды. Заңнаманың жеткіліксіздігі, дауды шешуге байланысты тұрғылықты халықтың көзқарасы, заңи нигилизм, дауды төрелік сотта шешу мүмкіндіктері туралы коммерциялық бағыттағы өкілдердің толық хабардар болмауы, аталған мәселе аясындағы проблемалардың шешім таппауы секілді факторлар төрелік сот институтының дамуын тежейді.

Осыған байланысты, төрелік сотта істі қарау бойынша тұжырымдамалық көзқарастарды

әзірлеу қажет. Қолданыстағы заңнаманың кемшіліктері мен құқықтық қақтығысты жою қажет.

Төрелік сотта іс қарау тәртібі мен ережесін кешенді зерттеу және осы саладағы түрлі шешілмеген теориялық мәселелерді шешу маңыздылығы көптеген ғалымдар мен практиктердің назарын аудартады деп болжауға болады.

Қазақстан Республикасы КСРО-дан бөлініп өз тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда алған соң, өзінің құқықтық базасын қалыптастыра бастады. Яғни сол жылдардан бастап аралық сот қайта жандана бастады. Қазақстан Республикасы нарықтық экономикаға көшіп, кәсіпкерлік әрекеттердің дамуы мен тараптардың арасында әр түрлі даулардың пайда болуы, қоғамда дауларды шешудің альтернативті жолдары қарастырыла бастады. Яғни мемлекеттік соттар мұндай көп істерді қарауға қауқарсыз болды. Сондықтан да азаматтық дауларды шешуде балама (альтернативті) жолдар керек болды.

1991-2004 жылдар аралығында төреліктің құқықтық жағынан реттейтін арнайы заңның болмауы осы соттың ары қарай дамуына кері әсерін тигізді. Төрелік сол жылдары нормативтік-құқықтық актілерде ішінара баптармен реттеліп, яғни толық көлемде әрекет ете алмады. Сол жылдары төрелік халықаралық шарттардың заңдылықтарының негізіне және төреліктің ішкі регламенттеріне байланысты өз қызметтерін атқарды. Осы жылдары Қазақстан Республикасында төреліктер шығарған шешімдерді орындау мәселелері бойынша бірнеше қиындықтар орын алды.

Себебі 1993 жылы 4 мамырда Қазақстан Республикасы министрлер кабинетімен қабылданған №358 Қаулымен бекітілген экономикалық дауды төрелік сотта шешу туралы ережеде мемлекеттік сот, төрелік соттың шығарған шешімдері заңға сәйкес келмеген жағдайда мемлекеттік сот шешімді орындау туралы бұйрықты беруден бас тартатын. Мұндай нормалар төрелік соттың шығарған шешімдерін қайта мемлекеттік сотта қайта қарауға жататын еді. Бұл мәселе 1993 жылдың қазан айында өз шешімін тапты. Яғни Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 17 қаңтардағы «Шаруашылық дауларды Қазақстан Республикасы төрелік сотында шешу туралы» заңының 134-бабына сәйкес мемлекеттік сот төреліктің шешімін орындау бұйрығын беретін кезде оның заңға сәйкестігін тексермеу керек делінген. Бірақ та, бұл жоғарыда аталған

ережені мемлекеттік органдар және сот жүйесі қолданған жоқ. 1992-2004 жылдары Қазақстан Республикасында төрелікке байланысты заңдар, нормалар жеткіліксіз болды. Мысалы ҚР-сы АІЖК төрелік туралы нақты ережелерді қамтыған жоқ, тек қана ҚР АІЖК 170-бабының 4-тармағына сәйкес ведомствалық мүліктік даулар тараптардың келісімі бойынша егер ол заң актілерінде тыйым салынбаса төреліктің қарауына берілуі мүмкін делінген [3, б.10-15].

Қазақстан Республикасының ғалым-мамандар соның ішінде М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин, З.Х. Баймолдина, П.Я. Грешников секілді атақты заңгерлер төрелік сот заңының жоқтығына байланысты 1995-2004 жылдар аралығында заң жобасының жасау және оны қабылдау керек екендігі туралы мәселе көтерді.

1995-2004 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы негізінен барлық халықаралық төреліктерге байланысты халықаралық конвенцияларға қосылды және оны ратификациялады. Оның ішінде 1995 жылы 4 қазан айында Нью-Йорк конвенциясына «Халықаралық төреліктің шешімдерінің орындалуы туралы» және сол жылы Еуропалық «Сыртқы сауда туралы төрелік» конвенциясы және т.б. Яғни Қазақстан Республикасы халықаралық жеке құқықтық конвенция мен келісім қатысушыларының бірі, конвенцияда тараптар дауларын төрелік соттарға беру құқықтары белгіленген, мұнда егер келісім болған жағдайда мемлекеттік соттардың араласпау қағидасы жүзеге асырылады [3, б.17-19].

Қазақстан Республикасында алғашқы рет халықаралық төрелік реттейтін арнайы заңның пайда болуына байланысты, мемлекетте кәсіпкерлер арасында туындаған дауды балама (альтернативті) жолмен шешу кеңінен қолдана бастады. Яғни азаматтардың төрелікке сенімі артты. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдары төреліктің шешкен шешімдерін тараптар ерікті түрде орындамай, оны құқықтық түрде және мәжбүрлі түрде орындататын заңның болмауына байланысты қиыншылықтарды бастан кешіргенін жоғарыда қарастырдық.

Қазақстан Республикасында 2004 жылы 28 желтоқсан айында алғашқы рет «Аралық сот туралы» және «Халықаралық төрелік туралы» Заңдары қабылданып, яғни мемлекет тарихында дауларды балама жолдармен шешуге және төрелік соттарға байланысты алғашқы рет үлкен қадам жасалды. Қазақстандық атақты заңгерлер халықаралық төрелік институтын ары қарай

дамытуға кірісті.

Заңның қабылданған алғашқы жылдары азаматтар арасында көбінесе аралық сотпен төрелік соттың айырмашылықтарын дұрыс түсінбеушілік көбірек кездесіп жатты.

Аралық сот пен халықаралық төрелік қызметінің айырмашылығы нақты төрелік орган емес, даудың пәніне байланысты түсіндіріледі. Төрелік дауды мемлекеттің ішінде және халықаралық деңгейде кез-келген жеке және заңды тұлғалардың арасындағы (резидент немесе резидент емес) дауға байланысты төрелік өз дауларын шешуге құқықтары бар. Азаматтық-құқықтық келісімшартқа байланысты тараптардың келісімі бойынша жеке және заңды тұлғалар арасындағы даулар аралық сотта қаралады. Аралық сот тек қана резиденттер арасындағы туындаған дауларды қарастырады.

Аралық сот туралы заң қабылданғаннан бастап қазіргі кезде кәсіпкерлер арасындағы келісімшартқа байланысты туындаған дауларын баламалы түрде шешуге қызығушылықтары арта түсуде.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында төрелікке жеке және заңды тұлғалар арасындағы дауларын шешуге жүгінушілер саны жыл сайын көбейіп келуде. Бірақ, қазіргі таңда заманның

өзгеруіне байланысты төреліктің заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындап отыр. Яғни төрелік сотқа байланысты шетелдік тәжірибені кеңінен қолдану керек деп есептеймін.

Жалпы алғанда «Аралық сот туралы» және «Халықаралық коммерциялық төрелік сот туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарының қабылдануы мемлекет атынан төрелік сотқа деген қолдау деп түсіну керек деп ойлаймын.

Әділет Министрлігінің жүргізген статистикасына қарасақ, 2010 жылы соттар шамамен 700 мың азаматтық іс қараған. 2011 жылғы қаралған істер де осы шамада. «Осы сандардан көрініп тұрғандай-ақ соттардың азаматтық істерді қараудағы жұмыстарының көптігі үлкен. Бұл ретте 2011 жылы аралық соттар 22 - іс, ал төрелік сот 3 іс қараған. Соған байланысты аралық және төрелік соттардың құзыретін кеңейту мемлекеттік соттардың жүктемесін барынша төмендетер еді деп ойлаймын.

Төрелік сотты дамытудың басты мақсаты ол Қазақстан Республикасының экономикасын дамытудың бірден-бір жолы ретінде түсіну қажет деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. 1995 жылғы 30 тамыз Қазақстан Республикасының Конституциясы // Ақпараттық жүйе «www.adilet.zan.kz» .
2. Выступление Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева на VI съезде судей РК «Задачи национальной судебной системы в контексте Стратегии «Казахстан-2050» Астана. (20 ноября 2013 г.) // www.akorda.kz/www/_akorda_kz.nsf/sections?openform&id_doc
3. Сулейменов М.К. Арбитражные (третейские) суды в Казахстане: прошлое, настоящее, будущее.- Алматы: Казахстанский международный арбитраж, НИИ частного права, 2007.- 430 с.



Мақалада дауларды балама жолдармен қараудың бір тәсілі халықаралық төрелік институтының қалыптасу және даму жолы, оның басқа институттардан айырмашылықтары мен істерді қарау ерекшеліктері қарастырылған.

Түйін сөздер: халықаралық төрелік, дауларды балама жолдармен қарау.

В данной статье рассматривается путь формирования и развития международного арбитража как института альтернативного разрешения споров и отличительные черты от других институтов, особенности рассмотрения споров в арбитраже.

Ключевые слова: международный арбитраж, альтернативное разрешение споров.

In this article considered the way of formation and development of international arbitration as an institution of alternative dispute resolution and distinctive features from other institutions, particularly the consideration of disputes by arbitration.

Keywords: international arbitration, alternative dispute resolution

Айдана Айсұлтанқызы Жабаета,

ҚР Заңнама институты халықаралық заңнама және салыстырмалы құқықтану бөлімінің кіші ғылыми қызметкері, «КазГЮУ Университеті» АҚ магистранты

Қазақстан Республикасында халықаралық төреліктің қалыптасуы және дамуы

Жабаета Айдана Айсұлтанқызы,

младший научный сотрудник отдела международного законодательства и сравнительного правоведения Института законодательства РК, магистрант АО «Университет КазГЮУ»

Формирование и развитие международного арбитража в Республике Казахстан

Zhabayeva Aidana Aisultankyzy,

Younger research fellow of Department of the international legislation and comparative law of the Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan, a candidate for a Master's degree of JSC «KAZGUU University»

The way of formation and development of international arbitration in Republic of Kazakhstan

